



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 қазан

№2301-25-00-2/2351

Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова, сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының Мақат аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:

«Pharmalogica» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

5 749 408 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Талап қоюшы өкілі Е.М.Тайпанов

Жауапкер өкілі Л.Е.Абдукаримова

Прокурор С.Коптлеуов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 9 қазанда тараптар «Aquillion Lightning» компьютерлік томография жүйесін сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №30 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарттың сомасы 522 673 500 теңге, орындау мерзімі 120 күнтізбелік күннен кем емес мерзімде.

Бұл жағдайда, жауапкер міндеттемелерін 2025 жылғы 6 ақпанға дейін орындауға міндетті болған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкерден кешіктірілген 11 күнге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, нақтылап, тұрақсыздық айыбын өндіруді, аталған құрылғыны іске қосу жұмыстарының жауапкермен мерзімінен кеш орындалғанын айтты.

Талап қою арызға жауапкермен қарсы пікір ұсынылды.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, қарсы пікірдің уәждерін қолдап, тауарды уақытынан бұрын 2024 жылғы 11 желтоқсанда жеткізгендерін, ол жөнінде тараптардың арасында 2024 жылғы 13 желтоқсандағы №2 жауапты сақтау шарты жасақталғанын, тұрақсыздық айыбын өндіру үшін негіз жоқ екенін айтып, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 30 тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден тауар мерзімінде жеткізілмеген жағдайда тауардың сомасының 0,1 % мөлшерінде, алайда шарттың сомасынан 5 % аспайтындай мөлшерде тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға құқылы.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден кешіктіріліп жеткізілген 11 күнге (2025 жылғы 7 ақпаннан 17 ақпанға дейін) 5 749 408 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

АК-тің 359-бабының 1-бөлігіне сай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Сотта анықталғандай, жауапкермен міндеттеме бойынша тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 6 ақпанға дейін болған. Тауар уақытында жеткізілген, 2025 жылғы 17 ақпанда іске қосылған, өйткені сот отырысында талап қоюшының тарапынан компьютерлік томография жүйесін қондырып іске қосу үшін дайын еместігі орын алған, ол туралы сотқа электр жабдықтарының дайын еместігі туралы акттер ұсынылған.

Жауапкермен сотқа ұсынылған дәлелдемелерден тауар мерзімінен бұрын, яғни 2024 жылғы 11 желтоқсанда жеткізіліп, талап қоюшымен қабылданған, демек міндеттеме мерзімінде орындалған.

Одан бөлек, жауапкер тауарды талап қоюшыға сақтауға тапсырып, ол туралы тараптардың арасында 2024 жылғы 13 желтоқсанда №2 жауапты шарт жасақталған.

Талап қоюшы өкілінің жауапкермен тауарды жеткізіп іске қосу жұмыстары кешіктіріліп жасалғаны үшін шарттың талаптары бойынша



тұрақсыздық айыбы көзделген деген уәждерімен сот келіспейді, өйткені, шарттың 30 тармағында тапсырыс беруші өнім берушіден тауар мерзімінде жеткізілмеген жағдайда ғана тұрақсыздық айыбын ұстап қалуға құқылы екендігін көрсеткен.

Шарттың №3 қосымшасы Техникалық ерекшелікте де ондай талаптар көрсетілмеген.

Бұндай жағдайда, сот адалдық пен әділеттілікті негізге ала отырып, талап қоюшының жауапкерге қойып отырған талабын қанағаттандырудан бас тарту қажет деген тұжырымға келеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының Мақат аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Pharmalogica» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 5 749 408 тенге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья



О.Ш.Даурешова

